


**2023 жылдың тамыз айындағы
іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі**

Тамызда іскерлік белсенділік 49,9 құрап, біршама төмендеді. Индекс бейтарап сызығының (50 белгісінде) шегінде тұр.

Секторларда айтарлықтай өзгеріс жоқ: индекстер бейтарап белгісінің (50,0) маңында болды. Қызмет көрсету секторында ғана көрсеткіш **50,1** (шілдеде - 51,3) мәнімен оң аймақта тұр. Өндірісте аздаған нашарлау байқалды. Мұнда көрсеткіш **49,8-ге** (шілдедегі 50,2-ден) дейін төмендеді. Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыста индекстер жақсарғанына қарамастан (тиісінше 48,9-дан және 49,4-тен), **49,7** (бірдей) мәнімен теріс аймақта қалды. Шілдемен салыстырғанда, тауарлы-материалдық қорлардың көлемі қалпына түскенімен, жеткізілімдегі мерзімдер қалпына келген жоқ.



Ағымдағы бизнес жағдайларды бағалау төмендегенімен, болашақ бизнес-жағдайды бағалау біршама жақсарды. Осылайша, **ағымдағы және болашақ** бизнес жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі** 10,8 болды (2023 жылғы шілдеде – 11,2). Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды. Себебі бизнес жүргізудің ағымдағы және болашақ жағдайларын бағалау оң қалпында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>